

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің, кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерінің арасындағы 2002 жылға арналған Бас келісім**

Бас келісім Астана қаласы 2002 жылғы 28 ақпан

Қазақстан Республикасының Үкіметі (Үкімет), кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері (кәсіподақтар) мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері (жұмыс берушілер), бұдан әрі - Тараптар, "Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" К012002\_ Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында жазылған негізгі міндеттерді іске асыру үшін сындарлы өзара іс-қимылдар жасау мақсатында мына қағидаттар негізінде осы

**Б а с к е л і с і м д і ж а с а с т ы :**

- қолданылып жүрген заңдардың нормаларын дәл және бұлжытпай сақтау;
- өзара сыйластық және қызметкерлердің, жұмыс берушілердің және атқарушы өкіметтің мүдделерін ымыраға келтіруге барынша қол жеткізу;
- мемлекетті әлеуметтік-экономикалық жағынан дамыту стратегиясын іске асыруға тең құқықта қатысу және оны жер-жерлерде жүзеге асыру.

Тараптар ынтымақтастығының негізгі бағыттары:

**I. Экономиканы және кәсіпкерлікті дамыту саласында Тараптар:**

1. Жалпы ішкі өнімді өсіруге, инфляция деңгейін азайтуға, отандық тауарларды, қызмет көрсету аясын және қызметтің басқа да аясын дамытуға, халықтың табысын өсіруге бағытталған экономикалық саясатты жүргізу.

2. Табиғи монополиялардың өнімдер мен қызмет көрсетулерге қоятын бағалары мен тарифтерін реттеу жүйесін жетілдіру, оларды қалыптастырудың негізділігін бақылау және қызметкерлердің республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктеріне ақпарат беру.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерімен бірлесіп кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті одан әрі дамытуды қамтамасыз ету үшін экономикалық жағдайлар жасау, сондай-ақ тауар өндірушілерге ыңғайлы сыйақы ставкалары бойынша кредиттер беруге ықпал ету.

4. Болашағы жоқ кәсіпорындарды бәсекелестікке қабілеті бар өнімдер өндіруге қайта бейімдеуді ынталандыратын шаралар кешенін әзірлеу, осы заманғы, импорталмастырғыш және экспортқа бағытталған және ішкі рынокты теріс пиғылды

бәсекелестіктен қорғауды қамтамасыз ететін өндірістерді құру.

5. Кешенді, нысаналы және салалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру.

6. Отандық өндірушілердің тауарларын сертификаттаудың халықаралық стандарттарын енгізу жөніндегі жұмысты жалғастыру міндеттемелерін мойнына алады.

## Ү к і м е т :

7. Жарты жылда бір рет Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі республикалық үшжақты комиссияға (бұдан әрі мәтін бойынша - РҰК) Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы а қ п а р а т б е р у .

8. Кәсіподақ өкілдері мен жұмыс берушілерді заң жобалары мен әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын әзірлеу және қарау жөніндегі Үкіметтің ведомствоаралық комиссияларының, жұмыс топтарының жұмысына толық қ ұ қ ы қ т ы қ а т ы с у ғ а т а р т у .

9. Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері мен кәсіподақтардың республикалық бірлестіктерін Қазақстанның Дүниежүзілік сауда Ұйымына (ДСҰ) кіру шарттарын талқылауға тарту, қорғау, демпингке қарсы шаралар, ішкі рынокты, отандық тауар өндірушілерді қорғаудың тарифтік емес әдістерінен қорғау кешенін әзірлеу міндеттемелерін мойнына алады.

Кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері:

10. Мемлекетті экономикалық жағынан дамыту стратегиясының негізгі бағыттарын түсіндіру және оның жергілікті жерлерде жүзеге асырылуына ықпал ету.

Кәсіпорындарда кәсіби шеберлік байқауларын өткізуді ұйымдастыру;

11. Салалық, аймақтық деңгейлерде келіссөздер өткізу мен келісімдер жасасу, меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдарда ұжымдық шарттар жасасу жөнінде жан-жақты жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру.

12. Осы заманғы отандық, ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамыту және отандық ғылыми талдамаларды пайдалану саясатын жүргізу міндеттемелерін мойнына алады.

II. Еңбек рыногын дамыту, еңбек қатынастары және халықты жұмыспен қамту саласында Тараптар:

13. Заңдарда белгіленген Тараптардың әрқайсысының өкілеттіктері шегінде еңбек заңдарының сақталуына бірлескен бақылауды қамтамасыз ету.

14. Қызметкерлердің жаппай босап қалуына, жұмыссыздықтың көбейіп кетуіне; ХЕҰ әдістемесі бойынша есептелген жұмыссыздық деңгейі экономикалық жағынан белсенді халық санының 9,0 пайызынан асып кетуіне (тіркелген жұмыссыздық бойынша - экономикалық жағынан белсенді халықтың 3,0 пайызынан астам) соқтыратын іс-шараларды жүргізуге жол бермеу.

15. РҮК отырыстарында жаңа рыноктық қатынастарға оқыту

бағдарламасының жобасын қарау.

16. Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері мен кәсіподақтардың республикалық бірлестіктеріне үшжақты салалық және аймақтық келісімдерді, ұжымдық және жеке еңбек шарттарын жасасу бойынша әдістемелік және ақпараттық көмек көрсету.

17. Еңбек құқықтарын бұзу жөніндегі мониторингтің халықаралық практикасын зерттеу міндеттемелерін мойнына алады.

Үкімет:

18. Кәсіподақтар мен жұмысшылар өкілдерін жұмыспен қамтуды қамтамасыз ететін, жаңа жұмыс орындарын құруды және жұмыссыздық деңгейін азайтуды ынталандыратын шаралар кешенін әзірлеуге, кейіннен оны тиісті нормативтік құқықтық актілерде іске асыруға тарту.

19. РҮК-ке еңбек рыногының жай-күйі туралы ақпарат ұсыну.

20. Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін әкелуге арнап белгіленген квотаның сақталуына бақылауды қамтамасыз ету.

21. Барлық біліктілік деңгейіндегі ұлттық кадрларды (қазақстандық) шетелдіктер қатысатын кәсіпорындарға тартуды қамтамасыз ететін шаралар кешенін әзірлеу.

22. Бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру және оларды өндіріс салаларындағы еңбекақы деңгейіне жақындату.

2002 жылға белгіленген халықтың кірісін өсіру қарқынын қамтамасыз етуге ықпал ету.

23. Құрылған жұмыс топтары шеңберінде еңбек туралы заңдарды жетілдіру жөнінде ұсыныс әзірлеу.

24. Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерімен және кәсіподақтардың республикалық бірлестіктерімен бірлесіп, Мемлекеттік білім беру бағдарламасын іске асыруды жалғастыру міндеттемелерін мойнына алады.

Кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері мен жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері:

25. Меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдарда жеке және ұжымдық еңбек дауларын келістіру комиссиялары шеңберінде қарау практикасын қалыптастыру.

26. Өзара консультациялар негізінде еңбек шарттарының тәртібі мен мазмұны бөлігін жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу.

27. Әкімияттармен (облыстардың, қалалар мен аудандардың) өзара іс-қимылда және ХЕҰ қолдауымен "өндірістік аймақтар", технопарктер, бизнес-инкубаторлар жүйесін өрістету жөніндегі тәжірибені зерттеуді ұйымдастыру міндеттемелерін мойнына алады.

III. Әлеуметтік саясатты дамыту, әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету, еңбекті қорғау, денсаулық сақтау және экологиялық қауіпсіздік саласында  
Тараптар:

28. Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламада көзделген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету.

29. Қайта құрылымдалуға жататын өнеркәсіп орындарын халықаралық ұйымдардың қатысуымен, олардың әлеуметтік салдарын белгілей отырып зерттеуді жалғастыру.

30. Салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын және өндіріс орталарын құру жөніндегі аймақтық және салалық бағдарламаларды әзірлеу, олардың орындалуын б а қ ы л а у .

31. Халықаралық ұйымдардың қатысуымен мұнай және газ салалары кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау нормаларының сақталуына қатысты еңбекті қорғаудың жай-күйіне зерттеу жүргізу, кейіннен оны РҰК о т ы р ы с ы н д а т а л қ ы л а у .

32. Әлеуметтік серіктестік жөніндегі республикалық, аймақтық, салалық комиссиялардың отырыстарында өндірістегі еңбек қауіпсіздігінің жай-күйін, өндірісте жарақат алуды, кәсіби ауруға ұшырауды қарау және осы мәселелер бойынша жағдайды жақсартуға шаралар қабылдау.

33. Зиянды, ауыр және қауіпті еңбек жағдайларында істейтін қызметкерлерді әлеуметтік қорғаудың және зейнетақымен қамсыздандырудың халықаралық тәжірибесін зерттеу.

34. Қазақстан Республикасы Президенті жариялаған 2002 жыл - Денсаулық жылы шеңберінде спортты дамыту мен халықтың денсаулығын нығайтуға жәрдемдесу міндеттемелерін мойнына алады.

Үкімет:

35. Мүгедектерді оңалту бағдарламасын кезең-кезеңмен іске асыру;

36. Белгілі тұрағы жоқ адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталықтарын құру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

37. Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметіне және олардың рейтингілік бағаларына үнемі бақылау жасау;

38. Орталықсыздандыруды жүргізген кезде бюджеттік ұйымдардың қызметкерлер санының негізсіз қысқаруына жол бермеу.

39. Зейнетақылар мен мемлекеттік жәрдемақыларды уақытылы төлеу. Әлеуметтік төлемдер бойынша өткен жылдардағы берешектерді кезең-кезеңімен өтеуді қамтамасыз ету.

40. Қызметкерлердің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының уақытылы және толығынан аударылуын қамтамасыз ету және зейнетақы қорлары алдындағы берешектерді өтеу жөнінде шаралар қабылдау.

41. Меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдардың еңбек туралы және еңбекті қорғау туралы заңдарды сақтауына кешенді зерттеу жүргізген кезде қажетіне қарай кәсіподақтар өкілдерін енгізу.

42. "Қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін орындау кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізуді жылдамдату.

43. Табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауға бақылау

жасаудың тиімділігін арттыру, халықты айнала қоршаған ортаның жай-күйі, радиациялық жағдай және оларды сауықтыру жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар ету.

44. ХЕҰ-мен бірлесіп еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ақпараттық-оқу орталығын құру бойынша жұмысты жалғастыру.

45. Әйелдер жағдайын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың ұлттық

бағдарламасы мен Мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасының орындалуын қамтамасыз ету міндеттемелерін мойнына алады.

#### Жұмыс берушілер:

46. Жұмыс берушілер үшін олардың кадрларды даярлауға жұмсайтын қаражаты бөлігіне жеңілдікті салық жүйесін енгізу жөнінде РҮК-ке ұсыныс енгізу.

47. Қызметкерлердің жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының уақытылы және толығынан аударылуын қамтамасыз ету және зейнетақы қорлары алдындағы берешектерді өтеу жөнінде шаралар қабылдау.

#### Кәсіподақтар:

48. Еңбекшілердің, аз қамтамасыз етілген азаматтар мен мүгедектердің санаториялық-курорттық ем алуын, балалар мен оқушы жастардың демалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау. Салауатты өмір салтын насихаттау жөніндегі жұмысты жалғастыру.

49. Өндірісте қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайын жасау бойынша қоғамдық бақылауды жүзеге асыру. Өндірісте болатын жазатайым оқиғаларға зерттеу жүргізуге, оларды жою жөнінде шаралар әзірлеуге қатысу, зардап шеккен адамдарды негізсіз а й ы п т а у ғ а ж о л б е р м е у .

50. Өндірісте зардап шеккен қызметкерлерге және қаза тапқандардың отбасыларына қызметкердің еңбек міндеттерін орындауына байланысты ол мертігіп қалғанда немесе денсаулығына басқадай зақым келгенде жұмыс берушінің зиянды уақытылы және толық өтеуі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес біржолғы жәрдемақыларды төлеу мәселелерінде тегін консультациялар мен қ ұ қ ы қ т ы қ ж ә р д е м б е р у .

51. Еңбекті қорғау және экологиялық қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын кәсіподақ өкілдерін оқытуды ұйымдастыру, осы саладағы жұмыстың оңды нәтижелерін зерттеп, тарату, міндеттемелерін мойнына алады.

#### IV. Әлеуметтік әріптестікті жетілдіру, Тараптардың қызметін үйлестіру саласында Т а р а п т а р :

52. Шарттық қатынастарды реттеу жөніндегі нормативтік құқықтық базаның

дамуына, барлық деңгейлердегі әлеуметтік әріптестік субъектілерін қажетті өкілеттікпен және кепілдікпен қамтамасыз ететін заң актілерін қабылдауға жәрдемдесу.

53. Тараптардың мүдделерін қозғайтын мәселелер жөнінде РҮК шеңберінде консультациялар мен талқылаулар жүргізу.

54. Мемлекеттік қызметшілерді, қызметкерлер мен жұмыс берушілерді әлеуметтік әріптестік мәселелері бойынша оқыту жөнінде жұмысты жалғастыру.

55. Ұйымдық, әдістемелік және түсіндіру жұмыстары тәжірибесінің алмасу мақсатында әлеуметтік әріптестіктің аймақтық және салалық комиссия өкілдерін кезек-кезек шақырып, "дөңгелек үстел" серияларын, семинарлар әзірлеп, өткізу.

56. РҮК мәжілістерінде орталық және жергілікті атқарушы органдар басшыларының әлеуметтік әріптестік жөніндегі салалық және аймақтық комиссиялардың жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдауды, оларға қызметкерлер мен жұмыс берушілердің әлеуметтік-экономикалық және еңбек проблемалары жөніндегі мүдделерін келісудің тұрақты қолданылып жүрген тетігі ретінде қарауды практикаға енгізу.

57. Облыстық, қалалық, аудандық әлеуметтік серіктестік жөніндегі комиссияларға ұжымдық шарттарды тіркеудің есебін жүргізуді ұсыну міндеттемелерін мойнына алады .

#### Ү к і м е т :

58. Мемлекеттік тапсырыс шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік әріптестік мәселелерін, Бас, аймақтық және салалық келісімдердің, ұжымдық шарттардың орындалу барысын, сондай-ақ әлеуметтік және еңбек жанжалдарының алдын алу және шешу жөнінде қабылданған шараларды баяндау.

59. Жасалған аймақтық және салалық (тарифтік) келісімдердің Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінде есептік тіркелуін қамтамасыз ету .

60. Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру шарттарында заңдарға сәйкес сол кәсіпорынның қызметкерлер алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін орындауы туралы тармақты міндетті түрде енгізуді көздеу.

61. Халықаралық еңбек Ұйымының Конвенцияларын бекіту жөніндегі жұмысты жалғастыру .

62. ХЕҰ-ның Жарғысына сәйкес ХЕҰ-ның жыл сайынғы сессиясына қатысу үшін үшжақты Үкімет делегациясын уақытылы жасақтауды, жіберуді және қаржыландыруды қамтамасыз ету .

Кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері мен

жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктері:

63. Мүше ұйымдарды әлеуметтік, еңбек және олармен байланысты экономикалық қатынастар мәселелері жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын қаулылар және басқа да шешімдер туралы хабардар ету;

64. Салалық және аймақтық әлеуметтік әріптестік комиссияларының аймақтар, салалар және меншік нысандарына қарамастан ұйымдар деңгейінде тиісті келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасуына практикалық, ұйымдық және әдістемелік жәрдем к ө р с е т у .

65. Кәсіподақ мүшелерінің өтініштері болғанда және егер бұл мәселе ұжымдық шартта көрсетілмесе мүшелік жарналарын қолма-қол ақша айырмай-ақ төлеуіне кедергі к е л т і р м е у .

66. Әлеуметтік әріптестік мәселелерін, Бас, аймақтық және салалық келісімдердің, ұжымдық шарттардың орындалу барысын, сондай-ақ әлеуметтік және еңбек жанжалдарының алдын алу және шешу жөнінде қабылданған шараларды бұқаралық а қ п а р а т қ ұ р а л д а р ы н д а б а я н д а у .

67. Жұмыс берушілердің, соның ішінде шетелдік жұмыс берушілердің қызметін жандандыру үшін, өз мүдделерін көрсету және тиісті әлеуметтік әріптестік комиссияларының жұмысына қатысу үшін ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу м і н д е т т е м е л е р і н м о й ы н а а л а д ы .

Бас келісімнің күші және оның орындалуын бақылау

68. Тараптар осы Бас келісімді әлеуметтік әріптестіктің Қазақстан Республикасында келісілген әлеуметтік-экономикалық саясат жүргізудің 2002 жылға арналған жалпы қағидаттарын белгілейтін негізгі құжаты ретінде таниды және оның барлық шарттарын сақтай отырып, Бас келісімді басшылыққа алуға міндеттеме қабылдайды.

69. Осы Бас келісімге қол қойған Тараптардың әрқайсысы өздерінің өкілеттіктері шегінде өз жауапкершіліктерін мойындайды және туындайтын проблемаларды әлеуметтік сұхбат және бәтуаластық қағидаттарында шешуде бірлесіп қызмет етуге м і н д е т т е н е д і .

70. Осы Бас келісімнің күшіндегі кезеңінде оған өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісуі бойынша тек жазбаша түрде енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар жеке хаттамалармен ресімделеді және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді. Осы Бас келісімнен және РҮК ұсыныстарынан (шешімдерінен) туындайтын әлеуметтік-экономикалық сипаттағы ережелер мен ұсыныстар аймақтық ( облыстық, қалалық, аудандық салалық (тарифтік) келісімдер мен ұжымдық шарттар жасасқан кезде өз құзыреті шеңберінде ескерілуі тиіс.

71. Келесі жылға арналған Бас келісім желтоқсанның 25-інен кешіктірілмей,



салалық және аймақтық келісімдер - қаңтардан кешіктірілмей, ұжымдық келісімдер - ақпаннан кешіктірілмей жасалады.

72. Осы Бас келісімге қол қойған Үкімет, жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың республикалық бірлестіктері салалық, аймақтық келісімдер мен ұжымдық шарттар шеңберінде 2002 жылға қабылданған міндеттемелер үшін жауап бермейді.

73. Осы Келісім күшіндегі кезеңде оған қол қойған кәсіподақ бірлестіктері және олардың жергілікті жерлердегі бөлімшелері РҮК мәжілісінде Тараптар арасындағы шиеленісті ахуалды алдын ала қарамай және шешпей, келісімге енгізілген мәселелер бойынша қарсылық акцияларын өткізбейтін болады.

74. Бас келісімге қол қойғаннан кейін бір ай мерзімде Тараптар қабылданған міндеттемелерді іске асыру үшін қажетті шаралар жоспарын әзірлеуге және оны бекіту үшін РҮК-ке беруге міндеттенеді.

75. РҮК шешімдері (ұсыныстары) осы Бас келісімді іске асырудың нысаны болып табылады.

76. Бас келісімнің орындалу барысын бақылау "Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы" Z000129\_ Қазақстан Республикасының Заңына, Әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі тұрақты жұмыс істейтін республикалық үшжақты комиссия туралы ережеге және Бас келісімдер әзірлеу және жасасу тәртібі жөніндегі Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

77. Бас келісімнің тармақтарының және талдау материалдарының орындалу барысы туралы ақпаратты Әлеуметтік әріптестік Тараптары РҮК-тің 2003 жылғы бірінші отырысына ұсынады.

78. Осы Бас келісімнің Тараптары РҮК жұмысының, әлеуметтік әріптестікті, әлеуметтік және еңбек қатынастарын дамыту мәселелерінің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануына жәрдемдесетін болады.

79. Бас келісімге қол қойғаннан кейін Тараптар бір апта мерзім ішінде оның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етеді.

80. Бас келісім оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және жаңасын жасасқанға дейін немесе ол қайта қаралғанға дейін, немесе қолдану мерзімі өткеннен кейін үш айға дейін өз күшінде болады.

Астана қаласында 2002 жылдың 28 ақпанында түпнұсқа 7 данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Қол қою үшін қатысушылардың әрқайсысында осы Бас келісімнің бір-бір данасы бар.

Осы Бас келісімге мыналар қол қойды:  
Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
орынбасары

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі

Кәсіподақтардың республикалық бірлестіктерінен:

Қазақстан Республикасы Кәсіподақтары  
федерациясының төрағасы

Қазақстан ерікті кәсіподақтар  
конфедерациясының президенті

Жұмыс берушілердің республикалық бірлестіктерінен:

Қазақстан Республикасы Жұмыс берушілер  
конфедерациясының президенті

Қазақстан Кәсіпкерлері конгресі атқару  
комитетінің төрағасы

Еуразия өнеркәсіп ассоциациясының төрағасы

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.